

## Адвокаттық қызмет туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы № 195 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI Заңымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР 05.07.2018 № 176-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **МАЗМУНЫ**

**Ескерту. Бұқіл мәтін бойынша "адвокат лицензиясы", "адвокаттар лицензияларын", "адвокатты лицензиясынан", "адвокат лицензиясын" деген сөздер тиісінше "адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясы", "адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияларын", "адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясынан", "адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясын" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **1-бап. Адвокатураның мақсаты**

1. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесуге, сондай-ақ дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесуге арналған.

2. Адвокатура қылмыстық істер бойынша қорғау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша, сондай-ақ қылмыстық және азаматтық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мұдделерін, сондай-ақ занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін қорғау мен іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастырады.

Адвокаттық қызмет шеңберінде адвокаттар көрсететін заң көмегі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.

3. Осы Занда белгіленген тәртіппен, жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мұдделерін, сондай-ақ занды тұлғалардың құқықтары

мен заңды мүдделерін қорғау және оларды іске асыруға жәрдемдесу мақсатында адвокаттар кәсіби негізде көрсететін білікті заң көмегі адвокаттық қызмет болып табылады.

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 378-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.**

## **2-бап. Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының адвокаттық қызметті реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда жазылғаннан өзгеше ережелер көзделсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Жеке және заңды тұлғалардың істері бойынша қорғау мен өкілдік етуді жүзеге асырған кездегі адвокаттардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының зандарамен белгіленеді.

**Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - КР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **3-бап. Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің принциптері**

Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметі:

1) адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігі;

2) адвокаттық қызметті зандарада тыйым салынбаған әдістерін және құралдармен жүзеге асыру;

3) заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, сottар, анықтау және алдын ала тергеу органдары, басқа мемлекеттік органдар, өзге ұйымдар мен лауазымды адамдар тарарапынан адвокаттардың қызметіне араласуға жол бермеу;

4) кәсіби мінез-құлық нормаларын ұстану және адвокаттық құпияны сақтау принциптеріне негізделеді.

## **4-бап. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері**

1. Заң көмегін көрсете отырып, адвокаттар:

1) ауызша және жазбаша нысанда да құқықтық мәселелер бойынша консультациялар мен анықтамалар береді;

2) арыздар, шағымдар, өтініштер мен құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасайды;

3) сенім білдірушінің өкілі ретінде азаматтық сот ісін жүргізуге қатысады;

4) қорғаушының немесе сенім білдірушінің өкілі ретінде қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізуге қатысады;

5) медиация жүргізу кезінде, төреліктे және дауларды шешетін өзге де органдарда істерді талқылауға сенім білдірушінің өкілі ретінде қатысады;

6) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарда сенім білдірушінің мұддесін білдіреді;

7) егер шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық сот органдарының және өзге де халықаралық ұйымдардың жарғылық құжаттарында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарында, соттарында және құқық қорғау органдарында, халықаралық сот органдарында, шет мемлекеттердің мемлекеттік емес органдарында сенім білдірушінің мұддесін білдіреді;

8) сенім білдірушінің өкілі ретінде атқарушылық ісін жүргізуге, сондай-ақ қылмыстық жазаны орындау кезінде қатысады;

9) татуастыру рәсімдерін жүргізеді.

2. Адвокаттар заңнамада тыйым салынбаған өзге де заң көмегін көрсетеді.

3. Көмек сұрап келген адам оған заң көмегін тегін көрсету үшін, сондай-ақ тағайындалған (осы Заңның 6-бабы) жағдайларды қоспағанда, егер қорғалушы өзіне адвокат таңдамаса немесе таңдай алмаса, оның қатысуы міндетті қылмыстық істер бойынша қорғаушы ретінде адвокат таңдауда еркін.

4. Қылмыстық істер бойынша кәсіби қорғауды адвокаттар ғана жүзеге асырады.

**Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда -** ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 125-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 378-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 489-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**5-бап. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуастыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу**

**Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді -** ҚР 31.10.2015 № 378-V Занымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу мөлшері және қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуастыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу көмек сұрап келген адаммен адвокат жасасатын жазбаша шартта белгіленеді.

Шарт жасасу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Шарттың бір данасы заң көмегін көрсету туралы шарт жасасқан адамға беріледі.

Мыналар:

- 1) қорғаушы не өкіл ретінде тапсырмаларды орындауға қабылдаған адвокаттың тегін, атын және әкесінің атын (ол болғанда) көрсету;
- 2) адвокаттық қызмет ұйымының нысанын және өзі мүшесі болып табылатын адвокаттар алқасын көрсету;
- 3) тапсырмалардың нысаны;
- 4) адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері мен тәртібі;
- 5) шартты бұзы тәртібі мен жағдайлары шарттың маңызды талаптары болып табылады.

Олар бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке, мемлекеттік емес заңды тұлғаларды білдіретін тараптардың мұліктік даулары туралы істер бойынша шарттарды қоспағанда, адвокаттар көрсететін заң көмегіне істің нәтижесіне немесе адвокаттық қызметтің табыстылығына байланысты ақы төлеу мөлшерін белгілейтін шарттарға немесе ұйғарылған соманың бір бөлігін адвокат алатын шарттарға жол берілмейді.

Заң көмегіне ақы төлеу, оның ішінде ауызша заң консультациялары және тапсырмаларды орындауға байланысты шығыстар есебінен адвокаттың қолма-қол ақша алуына тиісті қаржы құжатынсыз жол берілмейді.

2. Заңнамада көзделген жағдайларда, адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу, іссапар, көлік және оның басқа да шығыстары анықтау, алдын ала тергеу органдарының қаулылары және соттардың ұйғарымы бойынша бюджет қаражатынан жүргізіледі.

3. Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің тәртібі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекіткен заң көмегіне ақы төлеу қағидаларында белгіленеді.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 378-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 6-бап. Тегін заң көмегін көрсету

### 1. Адвокаттар мыналарға:

1) соттар асыраушысының қайтыс болуы, жұмыспен байланысты мертігуі немесе денсаулығының өзгедей зақымдануы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді қараған кезде қуынушыларға;

2) егер сот қарап жатқан дау кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтардағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын қуынушылар мен жауапкерлерге;

3) алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе оралман мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға заң көмегін тегін көрсетеді, қажет болған жағдайларда құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттарды жасайды.

2. Осы балтың 1-тармағында белгіленген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда, адвокат көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

3. Адвокат бюджет қаражаты есебінен көрсететін заң көмегінің негіздері "Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленеді.

4. Құқықтық консультация беру түріндегі заң көмегін өтініш беруші жүгінгеннен кейін бірден көрсету мүмкін болмаған кезде, ол жүгінген кезден бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылдау уақыты туралы қолжетімді нысанда хабардар етілуге тиіс. Егер өтініш беруші жүріп-тұру қыындығына байланысты асқынған ауруы, мүгедектігі салдарынан адвокаттың белгілеген қабылдау орнына келе алмайтын болса, құқықтық консультация беру оның болатын жерінде өткізіледі. Мұндай жағдайларда құқықтық консультация беру түріндегі заң көмегін көрсетудің ұзақтығы бір сағаттан аспауға тиіс. Қажет болған жағдайда көрсетілген мерзімді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы ұзарта алады. Адам дәл сол бір мәселе бойынша құқықтық көмекті бір рет ала алады.

5. Адвокат көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі тегін заң көмегін есепке алуды осындай көмекті ұсынатын адвокат Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізеді.

Адвокат көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі заң көмегіне ақы төлеу адвокаттың орындаған жұмысы туралы актінің және тиісті адвокаттар алқасы өтінімінің негізінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Адвокат көрсеткен заң көмегіне ақы төлеудің және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері мен тәртібін, сондай-ақ адвокат көрсеткен заң көмегін есепке алу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 N 123-V Занымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.**

## **2-тарау. АДВОКАТТЫҢ МӘРТЕБЕСІ**

### **7-бап. Қазақстан Республикасындағы адвокат**

1. Адвокат - жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Занмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы.

2. Сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп танылған не заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам адвокат бола алмайды.

Мынадай:

қасақана қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, прокуратура органдарынан, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан және әділет органдарынан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған;

адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айырылған;

осы Заның 12-бабының 3-тармағында және 5-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша лицензиясының қолданысы тоқтатылған адам да осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы адвокат бола алмайды.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## 8-бап. Адвокаттың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері

1. Адвокаттың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері болуы мүмкін.

2. Адвокаттың көмекшілері еңбек шартының негізінде заң консультациясында, адвокат кеңесінде немесе адвокаттық қызметпен жеке айналысатын адвокатта жұмыс істеуі мүмкін.

Адвокаттың көмекшілері адвокаттың нұсқауы бойынша және соның жауапкершілігімен адвокаттың тапсырмаларын орындауға құқылы.

3. Жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматы адвокаттың тағылымдамадан өтушісі болып табылады.

Тағылымдамадан өтуудің мақсаты адвокаттық қызметтің кесіптік білімдері мен практикалық дағдыларын игеру болып табылады.

Осы Заңның 7-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сай келетін және тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адам Республикалық адвокаттар алқасының ұсынымдары ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітіletіn Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережеде тізбесі белгіленетін құжаттарды қоса бере отырып, тағылымдамадан өтуге жіберу туралы өтінішпен адвокаттар алқасының төралқасына жүгінеді.

4. Адвокаттар алқасының төралқасы өтінішті қарау нәтижелері бойынша мынадай:

1) тағылымдамадан өтуге жіберу туралы;

2) тағылымдамадан өтуге жіберуден бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

5. Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілері санының көп жинақталуы себебімен тағылымдамадан өтуге жіберуден бас тартуға жол берілмейді.

6. Тағылымдама кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттың басшылығымен жүзеге асырылады. Тағылымдаманың ұзактығы алты айдан бір жылға дейінгі мерзімді құрайды. Бір адвокатта тағылымдамадан бір мезгілде екіден көп емес тағылымдамадан өтуші өте алады.

Тағылымдамадан өтуші ретіндегі жұмыс кезеңі заң мамандығы бойынша жұмыс өтіліне есептеледі.

7. Тағылымдамадан өткізуді үйымдастыруды Республикалық адвокаттар алқасының ұсынымдарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Әділет

министрінің бұйрығымен бекітілетін Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережеге сәйкес адвокаттар алқасының төралқасы жүзеге асырады.

Тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы шешім дәлелді болуға тиіс және оған сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Тағылымдамадан өтпеген адам жалпы негіздерде тағылымдамаға қайта жіберіледі.

8. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9), 10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар тағылымдамадан өтпейді.

9. Адвокаттың көмекшісі мен тағылымдамадан өтушісінің адвокаттық қызметпен дербес айналысуға құқығы жоқ.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданыска енгізіледі) Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) Конституциялық заңымен.

#### **8-1-бап. Адвокаттың қызметпен айналысуға үміткер адамдарды атtestаттау жөніндегі комиссия**

1. Тағылымдамадан өткен адамдар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары жанынан құрылатын адвокаттың қызметпен айналысуға үміткер адамдарды атtestаттау жөніндегі комиссияда атtestаттаудан өтеді.

Адвокаттың қызметпен айналысуға үміткер адамдарды атtestаттау жөніндегі комиссия жеті мүшеден, оның ішінде кандидатураларын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың адвокаттар алқаларының төралқалары айқындайтын үш адвокаттан тұрады.

Адвокаттың қызметпен айналысуға үміткер адамдарды атtestаттау жөніндегі комиссияның жеке құрамы және олардың жұмыс регламенті Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрықтарымен бекітіледі.

#### **2. Мыналар:**

1) Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірін алған адамдар;

2) "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 1-

тармағының 1), 2), 3), 9), 10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар;

3) теріс себептермен босатылғандарды қоспағанда, прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, прокуратура және тергеу органдарынан босатылған адамдар аттестаттаудан өтуден босатылады.

3. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның негізгі міндеттері:

1) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияны алуға үміткерлерді сапалы іріктеуді қамтамасыз ету;

2) отырыстардың ашықтығы мен жариялыштығын қамтамасыз ету болып табылады.

4. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның отырысына бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысуға құқылы.

5. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның отырыстарында ашықтық пен жариялыштықты қамтамасыз ету мақсатында дыбыс- және (немесе) бейнежазбалар не стенографиялау жүзеге асырылады. Отрыс барысында алынған стенограмма, дыбыс- және (немесе) бейнежазбалар отырыстың хаттамасына қоса тігіледі және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның материалдарымен бірге сақталады.

**Ескерту.** Заң 8-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **8-2-бап. Аттестаттауды өткізу тәртібі мен шарттары**

1. Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітетін қағидаларда айқындалады.

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін өзін аттестаттауға жіберу туралы өтінішті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттарды қоса тіркей отырып, тұрғылықты жері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары арқылы адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияға жібереді.

3. Құжаттар тиісінше ресімделмеген не олардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайда, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары өтініш келіп түсken күннен бастап

бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қайтару себебі туралы жазбаша хабарлай отырып, өтінішті үміткерге ұсынылған құжаттармен бірге қарамастан қайтарады.

4. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия материалдарды қарау қорытындылары бойынша аттестаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы дәлелді шешім шығарады.

Егер үміткер осы Заңда белгіленген талаптарға сай болмаса, оны аттестаттауға жіберуден бас тартылады.

Аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешімді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары өтініш келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей үміткерге жібереді.

Аттестаттауға жіберуден бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

5. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық әділет органдары аттестаттауға жіберілген үміткерді аттестаттаудың өтетін орны, күні, уақыты, тәртібі туралы оны өткізгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді.

6. Аттестаттау қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

7. Аттестаттау мынадай екі кезеңнен тұрады:

1) Қазақстан Республикасының заннамасын білуден компьютерлік тест тапсыру;

2) үміткердің білімін емтихан билеттері бойынша тексеру.

8. Үміткер өз тандауы бойынша аттестаттаудан қазақ немесе орыс тілінде отуге құқылы.

Тестілеу компьютер техникасын пайдалана отырып өткізіледі.

9. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия аттестаттау нәтижелері бойынша аттестаттау өткізілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей, аттестатталғаны туралы не аттестатталмағаны туралы дәлелді шешім шығарады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Аттестатталғаны туралы шешім ол шығарылған кезден бастап алты жыл бойы жарамды болып табылады.

Аттестаттаудан өтпеген үміткер кемінде бір жылдан кейін қайта аттестаттауға жіберіледі.

10. Аттестаттаудан өткен кезде үміткердің анықтамалық, арнаулы және басқа да әдебиетті, байланыс құралдарын, сондай-ақ қандай да бір жазбаларды пайдалануына жол берілмейді.

Көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды атtestаттау жөніндегі комиссия үміткерді атtestаттаудан шеттедеі.

Атtestаттаудан шеттетілген үміткер шешім шығарылған күннен бастап үш ай өткен соң атtestаттауга жіберу туралы қайтадан өтініш беруге құқылы.

11. Дәлелді себеппен атtestаттауға келмеген үміткер осы баптың 5-тармағында көзделген тәртіппен адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды атtestаттау жөніндегі комиссияның келесі отырысына шақырылады.

Үміткер тағы да келмей қалған жағдайда оның өтініші қараусыз қалдырылады және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары оған тапсырылған құжаттармен бірге қайтарады.

**Ескерту. Заң 8-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **9-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия**

1. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия адвокаттық қызметпен айналысуға рұқсат беру болып табылады және оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттармен тағылымдамадан және атtestаттаудан өткеннен кейін лицензиар береді.

2. Лицензиар адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиялардың электрондық тізілімін жүргізеді, тізілім мәліметтерін, сондай-ақ адвокаттық қызметпен айналысатын лицензиаттар тізімдерін интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **10-бап. Лицензия беруден бас тарту**

Лицензия беруден "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Занында көзделген негіздер бойынша бас тартылады.

**Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **11-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру**

1. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру тәртібі Қазақстан Республикасының зандарында белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жалпы негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы:

- 1) адам мемлекеттік қызметте болған;
- 2) ол Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының, өз қызметін бюджет қаражаты есебінен төленетін, тұрақты немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутатының өкілеттіктерін атқарған;
- 3) мерзімді әскери қызметті өткерген;
- 4) осы Заңның 31-бабы 1-тармағының 4) және 7) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша адвокаттар алқасының мүшелігінен шығарылған;
- 5) заңды тұлғаны тіrkемей кәсіптік қызметін жеке жүзеге асыратын адвокаттың іс жүзінде қызметтік үй-жайы болмаған;
- 6) оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметті қоспағанда, адвокат кәсіпкерлік немесе өзге де ақы төленетін қызметпен айналысқан;
- 7) тоқтата тұру мерзімі көрсетілетін өзінің өтініші негізінде адвокат өз өкілеттіктерін орындаған кезеңде тоқтатыла тұрады.

Көрсетілген жағдайларда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын лицензиар адвокаттар алқасы төралқасының ұсынымы немесе аумақтық әділет органдының ұсынысы негізінде не адвокаттың өтініші негізінде тоқтата тұрады. Қабылданған шешім туралы адвокат, сottар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

2-1. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзған жағдайларда алты ай мерзімге тоқтатыла тұрады.

Көрсетілген жағдайда лицензияның қолданысын лицензиар тоқтата тұрады. Қабылданған шешім туралы адвокат, сottар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

3. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру адвокаттық қызметпен оның қолданысын тоқтата тұру кезеңінде айналысуға тыйым салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздер бойынша тоқтатыла тұрган адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын қайта жалғастыру адвокаттың өтініші бойынша күнтізбелік он күн ішінде лицензиардың бүйрүғы және оның қолданысын тоқтата тұру үшін негіздердің тоқтатылғанын растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Адвокаттық

қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысының қайта жалғастырылғаны туралы адвокат, соттар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

5. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата түру туралы немесе қайта жалғастырудан бас тарту туралы шешімге адвокат сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

**Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.06.21 N 19-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**12-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру және оның қолданысын тоқтату**

1. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату лицензиардың талап-арызы бойынша:

1) адвокат өз кәсіби міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, адвокатураны ұйымдастыру және оның қызметі принциптерін өрескел не бірнеше рет бұзған;

2) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіби міндеттерін орындауы мүмкін болмаған жағдайларда сот тәртібімен жүзеге асырылады.

4. Адвокаттар алқасы төралқасының өтініші осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап-арыз дайындау үшін негіз болып табылады.

Аумақтық әділет органының ұсынымы осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап-арыз дайындау үшін негіз болып табылады.

Лицензиар сот шешімі негізінде адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы бұйрық шығарады, оның көшірмесі

лицензиясының қолданысы тоқтатылған адамға жіберіледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысының тоқтатылғаны туралы сottар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

5. Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтатуды лицензиар:

1) заңды құшіне енген сот шешімі бойынша адвокат әрекет қабілеті жоқ немесе әрекет қабілеті шектеулі, қайтыс болды не хабар-ошарсыз кетті деп танылған;

2) адвокат Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатқан;

3) адвокат қасақана қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

4) қасақана қылмыс жасағаны үшін адвокатқа қатысты соттың айыптау үкімі заңды құшіне енген;

5) адвокатқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды құшіне енген жағдайларда жүзеге асырады.

6. Аумақтық әділет органының ұсынымы осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады.

Лицензиар адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы бұйрық шығарады, оның көшірмесі лицензиясының қолданысы тоқтатылған адамға жіберіледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысының тоқтатылғаны туралы сottар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

**Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - КР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңмен, өзгерістер енгізілді - КР 2009.08.28 N 192-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

### **13-бап. Адвокаттың өкілеттіктерін куәландыру**

1. Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігі заң консультациясы немесе адвокат кеңесі, ал ол өз қызметін заңды тұлғаны тіркемей жеке жүзеге асырған кезде адвокаттар алқасының төралқасы берген ордермен қуәландырылады. Ордердің нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді. Ордерлердің берілуін бақылау мен есепке алушы адвокаттар алқасының төралқасы жүзеге асырады.

Өзінің қызметін Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарт негізінде жүзеге асыратын шетелдік адвокаттың өкілеттігі жеке басын, адвокат мәртебесін және заң көмегін көрсету өкілеттігін белгілейтін құжатпен расталады.

2. Адвокат Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, сондай-ақ, егер бұл қабылдаған тапсырманы орындау үшін қажет болса және тиісті мемлекеттердің зандарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қайшы келмесе, оның аумағынан тыс жерлерде адвокаттың қызметпен айналысуға құқылы.

**Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.06.03 N 425, 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

#### **14-бап. Адвокаттың құқықтары**

1. Адвокат көмек сұрап келген адамға ол мұқтаж болған кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы.

2. Адвокат өзіне өтініш жасаған адаммен заң көмегін көрсету туралы өз атынан жазбаша шарт жасасады.

3. Адвокат, қорғаушы немесе өкіл ретінде әрекет жасай отырып, іс жүргізу заңына сәйкес:

1) барлық соттарда, құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мұдделерін қорғауға және білдіруге;

2) барлық мемлекеттік органдардан және мемлекеттік емес ұйымдардан адвокаттың қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға;

3) заң көмегін көрсету үшін қажет нақты мәліметтерді дербес жинауға және дәлелдер табыс етуге;

4) көмек сұрап өтініш жасаған адамға қатысты материалдармен, соның ішінде іс жүргізу құжаттарымен, тергеу және сот істерімен танысуға және олардағы ақпаратты заң актілерінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен белгілеп алуға;

5) іске қатысуға жіберілген сәттен бастап жолығулар санын, олардың ұзақтығын шектемей және мұндай жолығулардың құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайларда өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығып тұруға;

6) заң көмегін көрсетуге байланысты туындаитын және ғылым, техника, өнер мен басқа да қызмет салаларында арнайы білімді қажет ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға;

7) өтініштер мәлімдеуге, әділет, прокуратура, анықтау, алдын ала тергеу органдары мен соттың лауазымды адамдарының, сондай-ақ көмек сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтарына және заңдармен қорғалатын мұдделеріне қысым жасайтын өзге де лауазымды адамдардың әрекеттеріне белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

8) мемлекеттік құпияларды құрайтын ақпаратпен, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратпен, егер бұл анықтау, алдын ала тергеу кезінде және сотта қорғау немесе өкілдік ету үшін қажет болса, заң актілерінде көзделген тәртіппен танысуға;

9) заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтары мен заңды мұдделерін қорғаудың заңдарда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға;

9-1) татуастыру рәсімдерін жүргізуғе;

10) заңдарға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

4. Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам адвокаттың заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамның мұддесін білдіру құқығын танудан бас тарта алмайды.

5. Адвокат соттардың, прокуратураның, қылмыстық процесті жүргізуші органдардың әкімшілік ғимараттарына белгіленген тәртіппен өзінің адвокаттық қуәлігін көрсетуі бойынша еркін кіру құқығын пайдаланады.

Адвокаттың ұстап алынғандарды, құзетпен ұсталатындарды және жазасын етеп жатқандарды ұстau орындарына кіруі белгіленген өткізу режиміне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Адвокат міндettі сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылатын мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қорғалуға құқылы.

Әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналарды адвокаттар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес төлейді.

**Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.06.03 N 425, 2009.12.11 N 230-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 378-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **15-бап. Адвокаттың міндettтері**

1. Адвокат:

1) өзінің кәсіптік міндettтерін орындаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын және Адвокаттардың кәсіптік әдебі кодексінің нормаларын сақтауға;

2) өзінің кәсіптік қызметінде адвокатураны ұйымдастыру мен оның қызметінің қагидаттарын басшылыққа алуға;

3) өзінің кәсіптік біліктілігін үнемі арттырып отыруға;

4) заң көмегін көрсетуге байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді құпия сақтауға және көмек сұрап өтініш жасаған адамның келісімінсіз оларды жария етпеуге;

5) адвокаттар алқасына мүше болып кіргеннен кейін, сондай-ақ коммерциялық үйым құрылғаннан кейін бір ай ішінде, өзіне заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, өз меншігіндегі, коммерциялық үйымдардың жарғылық капиталындағы үлесті (

акциялар топтамасын) және пайдаланылуы табыс алуға әкелетін өзге де мұлікті сенімгерлікпен басқаруға беруге міндettі. Мұлікті сенімгерлікпен басқару шарты нотариатта куәландыруға жатады. Адвокат өзіне тиесілі облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын сенімгерлікпен басқаруға бермеуге құқылы. Адвокаттың сенімгерлікпен басқаруға берілген мұліктен табыс алуға құқығы бар;

6) сенім білдірушінің құқықтарын, бостандықтарын және заңды мұдделерін қамтамасыз етуге бағытталған іс жүзіндегі мән-жайларды анықтау бойынша заңмен тыйым салынбаған кез келген іс-әрекетті орындауға міндettі.

2. Адвокат, егер:

1) заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамның мұддесіне қайшы келетін істің нәтижесінде жеке мұддесі болса;

2) Қазақстан Республикасының процессуалдық заңнамасында көзделген негіздер болса, заң көмегін көрсету туралы тапсырмадан бас тартуға міндettі.

3. Адвокаттың іс бойынша көмек сұрап өтініш жасаған адамның жағдайын нашарлататын құқықтық ұстанымда болуына, өз өкілеттігін өзі мұдделерін қорғайтын немесе білдіретін адамға нұқсан келтіріп пайдалануына тыйым салынады.

4. Адвокаттың қылмыстық іс бойынша қабылданған тапсырмадан бас тартуға құқығы жоқ және қорғалатын адамның немесе адвокаттың өзінің көзқарасы бойынша сот төрелігіне сай емес үкім шығарылған жағдайда, оған белгіленген тәртіппен шағым жасауға міндettі.

5. Адвокаттың, коммерциялық ұйымның байқау кеңесінің құрамына кіру, дауды шешу үшін тиісті төрелікте төреші болып сайлану немесе тағайындалу, сондай-ақ оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметпен айналысу жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік қызметте болуына және кәсіпкерлік қызметпен айналысуына, өзге де ақылылауазымда болуына тыйым салынады.

Адвокат адвокаттар алқасында, Республикалық адвокаттар алқасында және адвокаттардың халықаралық қоғамдық бірлестіктерінде ақы төленетін сайланбалы немесе тағайындалатын лауазымға сайлануға құқылы.

**Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - КР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен; өзгеріс енгізілді - КР 08.04.2016 № 489-V Заңымен (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **16-бап. Адвокаттың кәсіби мінез-құлық нормалары**

Адвокат заң көмегін көрсету кезінде мынадай кәсіптік ережелерді сақтауға тиіс:

1) көп күш-жігер не уақыт жұмсауды талап ететін қажетті әрекеттер жасаудан жасқанбай ыждағаттылық пен құлшыныс білдіру;

2) заң мәселелерін қарап жатқан органдар мен лауазымды адамдарға қатысты езін әдепті ұстай;

3) өз кәсіби мінез-құлқын көмек сұрап өтініш жасаған адамның құқықтары мен заңды мұдделеріне сәйкес қалыптастыра және тежей отырып, істі негізсіз сөзбүйдаға салуға, заң көмегін көрсетудің заңсыз әдістеріне, алдауға жол бермеу;

4) көмек сұрап өтініш жасаған адамның мұдделеріне адал болу және оның мұдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасамау.

### **17-бап. Адвокаттық қызметтің кепілдіктері**

1. Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын адвокаттық қызметке араласуға не осы қызметке қандай да болмасын тәсілмен кедергі жасауға тыйым салынады.

2. Адвокатты ол заң көмегін көрсетіп отырған адаммен теңдестіруге тыйым салынады.

3. Адвокаттан өз кәсіби міндеттерін жүзеге асыруға байланысты оған мәлім болған мән-жайлар туралы куәгер ретінде жауап алуға тыйым салынады.

4. Адвокаттардан, олардың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілерінен, адвокаттар алқасы төралқасының, заң консультацияларының, адвокаттық кеңселердің басшылары мен қызметкерлерінен, заңмен белгілентген жағдайларды қоспағанда, белгілі бір адамға заң көмегін көрсетуге байланысты қандай да болмасын мәліметтер беруді талап етуге тыйым салынады.

5. Адвокаттық іс жүргізу, онымен байланысты өзге де материалдар мен құжаттар, сондай-ақ адвокаттың мүлкі, оның ішінде ұялы байланыс құралдары, аудиоаппаратурысы, компьютерлік техникасы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен басқа жағдайларда, тексеруге, қарауға, алуға, алып қоюға және тексеріске жатпайды.

6. Адвокатқа өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығудың құпиялышының қамтамасыз ететін жағдайларда осылайша жолығуна рұқсат беруден бас тартуға, сондай-ақ олардың саны мен ұзақтығына шек қоюға тыйым салынады.

7. Алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8. Анықтау және алдын ала тергеу органдары, іс жүргізу заңында көзделген жағдайларда, адвокатпен келісілген мерзімде тергеу және өзге іс жүргізу әрекеттеріне оның қатысуы қажеттігі туралы адвокатқа хабарлауға міндетті.

9. Мемлекеттік қызметшілер және мемлекеттік емес ұйымдардың басшылары адвокаттың нақты іс бойынша заң көмегін көрсетуіне байланысты өтінішіне он жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге міндетті.

10. Адвокаттардың қызметіне заңсыз араласуға жол берген немесе осындай қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін адамдар заңға сәйкес жауапқа тартылады.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.06.03 N 425, 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

### **18-бап. Адвокат құпиясы**

1. Адвокат құпиясын адвокатқа жүгіну фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған адаммен және басқа да адамдармен жасалған ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы, көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделерінде жасалатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ заң көмегін көрсетуге қатысты өзге ақпарат құрайды.

2. Адвокаттардың, олардың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілердің адвокаттар алқасы төралқасы, заң консультациясы, адвокат кеңесі қызметкерлерінің заң көмегін көрсетуге байланысты алынған мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ өз мүдделері немесе үшінші бір адамдардың мүдделері үшін пайдалануға құқығы жоқ.

3. Адвокат құпиясына жататын мәліметтерді көмек сұрап өтініш жасаған адамның келісімінсіз жария еткен адвокат заңға сәйкес жауапты болады.

4. Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтер мен ақпарат беру адвокаттық құпияны жария ету болып табылмайды.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.08.28 N 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.06.21 N 19-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **3-тaraу. АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

#### **19-бап. Адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысандары**

Адвокат өз қызметін заң консультациясы арқылы жүзеге асыруға не дербес немесе басқа адвокаттармен бірлесіп, сондай-ақ заңды тұлғаны тіркемей-ақ жеке дара адвокаттық кеңсе құруға құқылы.

Адвокат тиісті әкімшілік-аумактық бірлік аумағында құрылған және әрекет ететін адвокаттар алқасының мүшесі болуға тиіс.

Занды тұлғаны тіркемей-ақ кәсіптік қызметін дара жүзеге асыратын адвокаттың азаматтарды және занды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға, адвокаттық іс жүргізуі сактауды және адвокаттық құпияны сактауды қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға қажетті қызметтік үй-жайы болуға міндетті.

**Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.06.03. N 425, 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **20-бап. Адвокаттар алқасы**

1. Адвокаттар алқасын адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар адамдар құрады.

2. Адвокаттар алқасы жеке және занды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету үшін, адвокаттардың құқықтары мен занды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, осы Занда белгіленген өзге де міндеттерді орындау үшін құрылатын адвокаттардың коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады.

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттардың бір ғана алқасы құрылып, жұмыс істеуге тиіс, ол басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға құқылы емес.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттар алқасы болмаған жағдайда, ол осы Заңның 7-бабының талаптарына сәйкес келетін кемінде он құрылтайшының бастамашылығымен құрылады.

Адвокаттар алқасын құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді.

Адвокаттар алқасының атауы аумағында өзі құрылған әкімшілік-аумақтың бірліктің атауын қамтуға тиіс.

### **4. Адвокаттар алқасының негізгі міндеттері:**

1) адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезінде алқа мүшелеріне жәрдемдесу, кәсіби көмек көрсету және оларды қорғау;

2) алқа мүшелерінің қызметін материалдық-техникалық және анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз ету;

3) адвокаттық қызметті жүзеге асыруға кәсіптік бақылауды ұйымдастыру;

4) алдын ала тергеу және сот органдарының белгілеуі бойынша тегін заң көмегін көрсету (осы Заңның 6-бабы) мен қорғауды ұйымдастыру болып табылады.

5. Адвокаттар алқасы заң консультацияларын құрады.

6. Адвокаттар алқалары Республикалық адвокаттар алқасына бірігеді.

**Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.06.03 N 425, 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми**

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Конституциялық заңымен.

## **21-бап. Адвокаттар алқасының жарғысы**

1. Адвокаттар алқасының жарғысы:

- 1) адвокаттар алқасының атауын, қызметінің мәні мен мақсаттарын;
  - 2) адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін;
  - 3) адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру мен тоқтату тәртібін;
  - 4) адвокаттар алқасының құрылымын, оның органдарының қалыптасу тәртібі мен құзыretін;
  - 5) заң консультациярын құру мен олардың жұмыс істеу тәртібін;
  - 6) мұлік жинау көздері мен оған иелік ету тәртібін;
  - 7) мүшелік жарнаны төлеу тәртібін;
  - 8) адвокаттардың тегін заң көмегін көрсету тәртібін және адвокаттар арасында сот, анықтау және алдын ала тергеу органдарының тағайындауы бойынша заң көмегін бөлу тәртібін;
  - 9) Адвокаттарды атtestatтаудан өткізу тәртібі туралы қағиданың негізінде адвокаттарды атtestatтаудан өткізу тәртібін;
  - 10) адвокаттар алқасы мүшелерінің және адвокаттардың тағымдамадан өтушілердің тәртіптік жауапкершілігі мен оған тарту тәртібін;
  - 11) адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясының қолданысын тоқтату туралы талап-арызды дайындау туралы өтініш жасау тәртібін;
  - 12) адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібін;
  - 13) адвокаттар алқасы таратылған жағдайда мұліктің тағдырын көздеуге тиіс.
2. Адвокаттар алқасының жарғысы зандарға қайши келмейтін өзге ережелерді де қамтуы мүмкін.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **22-бап. Адвокаттар алқасының органдары**

1. Адвокаттар алқасының жоғары органы алқа мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы); оның атқарушы органы - төралқа; бақылаушы органы - тексеру комиссиясы болып табылады.

2. Жарғыда көзделген реттерде адвокаттар алқасында адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) қабылдайтын ережелер негізінде жұмыс істейтін басқа органдар құрылуы мүмкін.

## **23-бап. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы)**

1. Жалпы жиналыш (конференция) адвокаттар алқасы қызметінің кез келген мәселелерін шешуге құқылы.

2. Жалпы жиналыстың (конференцияның) ерекше құзыретіне мыналар жатады:

1) адвокаттар алқасының Жарғысын және Жарғыға өзгерістер енгізу туралы шешімдер қабылдау;

2) төралқаны, төралқа төрағасын, тексеру комиссиясын, тексеру комиссиясының төрағасын сайлау;

3) Жарғыда көзделген басқа органдарды және олардың басшыларын сайлау, осы органдар туралы ережелерді бекіту;

4) адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқасы басшылары мен қызметкерлерінің қызметі туралы есептерді тыңдау және бекіту;

5) Алынып тасталды - КР 2009.12.11 N 230-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6) Алынып тасталды - КР 2009.12.11 N 230-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) органдардың және адвокаттар алқасы басшылары мен қызметкерлерінің шешімдеріне адвокаттардың шағымдарын қарау;

8) адвокаттар алқасының басшылары мен қызметкерлерін мерзімінен бұрын кері шақыру;

9) адвокат өзін алқаға мүшелікке қабылдаған күннен бастап алты айдың ішінде төлейтін және тек қана адвокаттар алқасының материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік базасын нығайтуға жұмсалатын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде белгіленген айлық есептік көрсеткішке есelenген мөлшерде есептелетін бастапқы нысаналы жарна ставкаларын белгілеу ;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде белгіленген айлық есептік көрсеткішке есelenген мөлшерде есептелетін ай сайынғы мүшелік жарна ставкаларын белгілеу жатады, бұл ретте кәсіптік қызметін ауылдық елді мекендерде жүзеге асыратын не бір жылдан аспайтын адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттар белгіленген ставканың елу пайызы мөлшерінде ай сайынғы мүшелік жарналарды төлейді.

3. Жалпы жиналыш (конференция) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы санының үштен екісі немесе, тиісінше, конференция сайлаған делегаттар құрамы болған жағдайда шешімдер қабылдауға құқылы.

4. Жалпы жиналысты (конференцияны) жылына кемінде бір рет адвокаттар алқасының төралқасы шақырады. Тексеру комиссиясының немесе алқа

мүшелерінің жалпы санының кемінде төрттен бірінің талап етуі бойынша алқа төрағасы отыз күн ішінде жалпы жиналысты (конференцияны) шақыруға міндетті.

5. Адвокаттар алқасының Жарғысында жалпы жиналыстың (конференцияның) ерекше құзыретіне жататын өзге мәселелер көзделуі мүмкін.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Зандарымен.

#### **24-бап. Адвокаттар алқасының төралқасы**

1. Адвокаттар алқасының төралқасы жасырын дауыспен төрт жыл мерзімге сайланады.

2. Адвокаттар алқасының төралқасы:

1) адвокаттар алқасының жеке және занды тұлғаларға заң көмегін, соның ішінде Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларда мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегін көрсету жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

2) жалпы жиналыстың (конференцияның) шешімдерін орындауды ұйымдастырады, жалпы жиналысты (конференцияны) шақырады;

3) адвокаттардың кәсіби және өзге де құқықтарын қорғайды;

4) адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдауды жүзеге асырады, алқа мүшелігінен шығарады, адвокаттардың тағлымдамадан өтушілерін даярлауды ұйымдастырады;

4-1) алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Зандымен;

4-2) адвокаттардың қызметі туралы олардың жинақталған есептерін Республикалық адвокаттар алқасына тоқсан сайын ұсынады;

4-3) адвокаттық қызметін ауылдық елді мекенде кемінде үш жыл міндетті түрде жүзеге асыру шартымен адвокаттар алқасына мүше болып қабылданатын адвокаттарды бастапқы нысаналы жарна төлеуден босатады;

4-4) жүктілігі және тууы бойынша не бала үш жасқа толғанға дейін оны күтіп-бағу бойынша демалыста болған кезеңінде адвокаттарды және уақытша еңбекке жарамсыздығы салдарынан қатарынан екі айдан астам адвокаттық қызметті жүзеге асырмаған адвокаттарды ай сайынғы мүшелік жарнаны төлеуден босатады;

5) адвокаттың әрекеттеріне жеке және занды тұлғалардан түскен шағымдарды (ұсыныстарды) тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

6) адвокаттардың тәртіптік теріс қылыштары туралы материалдарды қарайды және кінәлі адамдарға тәртіптік жаза қолданады;

7) адвокаттарды аттестациялауды өткізуді және олардың кәсіби біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты үйымдастырады;

8) осы Занда көзделген негіздер бойынша лицензиарға адвокатқа қатысты адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата түру немесе адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап-арызыды дайындау туралы өтініш береді;

8-1) адвокаттардың Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауы бойынша жұмысты үйымдастырады;

9) адвокаттардың кәсіби деңгейін көтеру жөніндегі шараларды жүргізеді, он жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытады және таратады;

10) кодификациялық-анықтамалық жұмысты жүргізуінде үйымдастырады, адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдар өзірлейді және басып шығарады;

11) заң консультацияларын құрады, олардың менгерушілерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

12) адвокат куәлігін береді, оның нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді;

13) адвокаттар алқасының қаражатына Жарғы мен жалпы жиналыс (конференция) белгілейтін тәртіппен иелік жасайды;

14) бухгалтерлік есептің, қаржылық есептіліктің жүргізілуін, іс қағаздарын жүргізуінде және алғашқы статистикалық деректерді қалыптастыруды үйымдастырады;

14-1) адвокаттар алқасының мүлкіне билік ету тәртібін белгілейді;

15) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысының (конференциясының) ерекше құзыретіне жатқызылғандарды қоспағанда, адвокаттар алқасы қызметінің өзге де мәселелерін шешеді.

**Ескерту. 24-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.06.03 N 425, 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.08.2015 № 343-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

**25-бап. Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы**

1. Өзі сайланған құнгө дейін кемінде екі жыл тікелей адвокаттар алқасының мүшесі болған адвокаттар алқасы тәралқасының тәрағасы болып сайланада.

Адвокаттар алқасы тәралқасының тәрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады.

Бұл ретте бір адам қатарынан екі мерзімнен артық адвокаттар алқасының тәрағасы лауазымында бола алмайды.

2. Алқаның жарғысына сәйкес адвокаттар алқасы тәралқасының тәрағасы:

1) тәралқаның жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында тәрағалық етеді және тәралқа, алқа мүшелерінің жалпы жиналыштары (конференциялары) шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

2) тәралқа аппаратының жұмысына басшылық жасайды, алқа аппаратының қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдар мен мекемелерде адвокаттар алқасы атынан өкілдік етеді;

4) адвокаттық қызметті ұйымдастырудың адвокат таңдаған нысанын және заңды мекенжайын көрсетіп, адвокаттар алқасына мүше болып кірген лицензиаттар туралы, сондай-ақ шығарылу себебін көрсете отырып, адвокаттар алқасы мүшелігінен шығарылғандар туралы мәліметтерді лицензиарға ұсынуды қамтамасыз етеді;

5) адвокаттар көрсеткен заң көмегі туралы статистикалық мәліметтерді қоса алғанда, адвокаттар алқаларының қызметі туралы есепті Республикалық адвокаттар алқасына ұсынуды қамтамасыз етеді;

6) адвокаттар көрсеткен тегін заң көмегі туралы және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды бюджет қаражаты есебінен өтеу туралы жиынтық есепті аумақтық әділет органына уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

7) адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етеді;

8) адвокаттарды қәсіптік оқыту бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Адвокаттар алқасының тәралқасы тәрағасының басқа да өкілеттіктері адвокаттар алқасының жарғысында айқындалады.

**Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - КР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 N 123-V (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **26-бап. Адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы**

1. Адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы оның бақылау-тексеру органы болып табылады.

2. Тексеру комиссиясы, оның төрағасы алқа мүшелерінің жалпы жиналышында (конференциясында) төрт жыл мерзімге сайланады.

3. Тексеру комиссиясы адвокаттар алқасының, заң консультацияларының, адвокаттық кеңселердің қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ жеке дара жұмыс істейтін адвокаттардың қаржылық қызметіне тексеру жүргізеді.

## **27-бап. Адвокаттар алқасына мүшелік**

1. Адвокаттар алқасына мүшелік міндетті болып табылады.

Осы Заңның 7-бабының 2-тармағында көзделген мән-жайлардың бірінің анықталуы адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдаудан бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

2. Кісі алқадан шығарылған, бірақ адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясын сақтап қалған жағдайда ол шығарылған сэттен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін алқаға қайта қабылдануы мүмкін. Бұл кезеңде адвокаттық қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

**Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі)**  
**Заңымен.**

## **28-бап. Адвокаттар алқасы мүшесінің құқықтары**

1. Адвокаттар алқасы мүшесінің:

1) алқаның, оның органдары мен лауазымды адамдарының жәрдемін, кәсіби көмегін және қорғауын пайдалануға;

2) адвокаттар алқасының органдарына сайлауға және сайлануға;

3) адвокаттар алқасы органдары алдына алқа қызметіне қатысты мәселелер қоюға, алқа мен оның органдарының жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге, шешімдерді талқылау мен қабылдауға қатысуға, адвокаттар алқасы органдарынан олардың қызметі туралы құжаттар мен материалдар беруді талап етуге;

4) алқа органдары оның қызметін немесе мінезд-құлқын тексерген және талқылаған барлық жағдайларда өзі қатысуға;

5) алқаның жарғысында белгіленген тәртіп пен шарттарда адвокаттар алқасының мүлкін пайдалануға;

6) өз бастамасымен алқа құрамынан шығуға құқығы бар.

2. Адвокаттар алқасының мүшелері өзінің құқықтары мен міндеттері жөнінен тең болады.

## **29-бап. Адвокаттар алқасы мүшесінің міндеттері**

1. Адвокаттың осы Заңның 15-бабында көзделген жалпы міндеттерінен басқа, адвокаттар алқасының мүшесі:

- 1) адвокаттар алқасы жарғысының талаптарын сақтауға;
  - 2) адвокаттар алқасы мен оның органдарының жалпы жиналышының шешімдерін орындауға;
  - 3) бастапқы нысаналы және ай сайынғы мүшелік жарналарды төлеуге;
  - 4) адвокаттар алқасының төралқасына өз жұмысы туралы статистикалық есепті ұсынуға;
  - 5) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгерген жағдайда, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттармен лицензиарға беруге;
  - 6) өзінің заңды мекенжайының өзгергені туралы адвокаттар алқасының төралқасына хабарлауға;
  - 7) ол көрсеткен заң көмегінің сапасына жеке және заңды тұлғалардың шағымдары бойынша тексеру үшін қажетті материалдарды адвокаттар алқасының төралқасына ұсынуға міндettі.
2. Адвокаттар алқасының мүшесі бастапқы нысаналы және ай сайынғы мүшелік жарналарды төлеу міндettемесінен басқа, адвокаттар алқасының алдында өзгедей біржақты мүліктік міндettемелер алмауға тиіс.

**Ескерту. 29-бап жана редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі)**  
**Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданыска енгізіледі) Заңымен.**

### **30-бап. Адвокаттардың тәртіптік жауапкершілігі**

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Адвокаттардың кәсіптік әдебі кодексінің, адвокаттар алқасы жарғысының талаптарын бұзғаны үшін адвокат мынадай тәртіптік жауапкершілік шараларының біріне тартылады:
  - 1) ескерту;
  - 2) сөгіс;
  - 3) қатаң сөгіс;
  - 4) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап-арызды дайындау туралы лицензиарға өтініш бере отырып, адвокаттар алқасынан шығару.
2. Тәртіптік іс жүргізу адвокаттар алқасы төралқасының құзыретіне жатады.
3. Адвокаттың Қазақстан Республикасы заңнамасының, Адвокаттардың кәсіптік әдебі кодексінің, адвокаттар алқасы жарғысының талаптарын бұзғанын көрсететін жеткілікті деректердің болуы тәртіптік іс жүргізуді қозғау үшін негіз болып табылады.
4. Әділет органдары тәртіптік іс жүргізу туралы ұсыныс енгізген жағдайда оны қарау әділет органы өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Қараудың

уақыты және орны тиісті түрде хабарланған әділет органы өкілінің келмеуі тәртіптік істі қарауға кедергі болмайды.

5. Тәртіптік жазалар қолданудың, оларды алып тастаудың және оларға шағым жасаудың тәртібі адвокаттар алқасының жарғысында айқындалады.

Адвокаттың тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін бір тәртіптік жазағана қолданылуы мүмкін.

6. Адвокаттар алқасы тәралқасының тәртіптік жаза қолдану туралы шешіміне адвокат сот тәртібімен шағым жасауы мүмкін.

7. Егер тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап алты ай ішінде адвокат жаңа тәртіптік жазаға тартылмаса, ол тәртіптік жазаға тартылмаған болып есептеледі.

**Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

### **31-бап. Адвокаттар алқасынан шығару**

1. Адвокатты алқадан адвокаттар алқасының тәралқасы мынадай жағдайларда :

1) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиясынан айырылған немесе қолданылуы тоқтатылған;

2) адвокат өз міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен нормаларын, адвокаттар алқасының жарғысында бекітілген адвокатураны ұйымдастыру және оның қызметінің принциптерін, адвокаттардың кәсіби әдебі ережелерін өрескел не бірнеше рет бұзған;

3) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіби міндеттерін орындай алмайтыны анықталған;

4) мүшелік жарнаны ұдайы төлемеген;

5) кәсіпкерлік қызметпен, сондай-ақ өзге де ақы төленетін қызметпен айналысқан;

6) өз тілегі бойынша;

7) алқа Жарғысында көзделген өзге де жағдайларда шығарады.

2. Осы баптың 1-тармағының 2), 3)-тармақшаларында көзделген негіздер бойынша адвокатты алқадан шығару адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясының қолданысын тоқтатуға әкеп соғады.

3. Алқадан шығаруға алқа тәралқасының шығару туралы қаулысының көшірмесі адвокатқа берілген күннен бастап бір ай мерзімде сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

**Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.06.03 N 425, 2007.01.12 N 222 ( ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі ), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N**

**523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **32-бап. Заң консультациясы**

1. Азаматтарға білікті заң көмегінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін адвокаттар алқасының төралқасы заң консультацияларын, оның ішінде мамандандырылған заң консультацияларын құрады.

2. Заң консультациясы орналасатын жерді адвокаттар алқасының төралқасы белгілейді.

3. Заң консультациясы адвокаттар алқаларының құрылымдық бөлімшесі (филиалы) болып табылады. Оның өз атауы мен тиісті адвокаттар алқасына тиесілілігі белгіленген мөрі мен мөртаңбасы, заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру үшін қажетті өзге де атрибутикасы болады. Заң консультациясы адвокаттар алқасының жалпы жиналысы (конференциясы) бекіткен Ереже негізінде іс-қимыл жасайды.

4. Заң консультациясын адвокаттар алқасының төралқасы тағайындастырып менгеруші басқарады.

**Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **33-бап. Адвокат кеңесі**

1. Адвокат кеңесі мекеме нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Адвокат кеңесі адвокаттардың заң көмегін көрсетуінің материалдық, ұйымдастырушылық-құқықтық және өзге де шарттарын қамтамасыз ету мақсатында құрылады /ұйымдастырылады/.

3. Адвокат кеңесін адвокаттар алқасының мүшесі (мүшелері) құрады.

Адвокат тек бір ғана адвокат кеңесінің құрылтайшысы (тәң құрылтайшысы) бола алады.

4. Бір адвокат құрған адвокат кеңесі өз қызметін Жарғының негізінде жүзеге асырады.

Адвокат кеңесін бірнеше адвокат құрған жағдайда Құрылтай шарты да құрылтай құжаты да болуы мүмкін.

Адвокат кеңесінің құрылтайшысы (құрылтайшылары) мемлекеттік тіркеуден еткен соң құнтізбелік он құн ішінде бұл туралы тиісті адвокаттар алқасын жазбаша хабардар етуге және адвокат кеңесінің құрылтай құжаттарын оның иелігіне ұсынуға міндettі.

5. Адвокат кеңселерін құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-В Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **33-1-бап. Адвокаттық қызметті жеке-дара жүзеге асыру**

1. Кәсіби қызметті жеке-дара жүзеге асыруға шешім қабылдаған адвокат бұл туралы адвокаттар алқасын хабардар етеді. Хабарламада адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда), оның тұрақты тұратын жері көрсетіледі.

2. Кәсіби қызметті занды тұлға құрмай жеке-дара жүзеге асыратын адвокат банктерде есеп айырысу және өзге де шоттар, жеке мөр, мөртабандар, жеке бланкілер иеленуге құқылы.

Ескерту. Заң 33-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.06.03 N 425 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **33-2-бап. Республикалық адвокаттар алқасы**

1. Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттар алқаларының міндепті мүшелігіне негізделген, коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіптік, өзін-өзі басқаратын, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

2. Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттық өзін-өзі басқару ұйымы ретінде Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі мемлекеттік және өзге де ұйымдарда адвокаттар алқалары мен адвокаттардың мүдделеріне өкілдік ету және оларды қорғау, адвокаттар алқаларының қызметін үйлестіру, адвокаттар көрсететін заң көмегінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

3. Республикалық адвокаттар алқасын Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясы құрады.

4. Республикалық адвокаттар алқасының жарғысын Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясы қабылдайды.

5. Республикалық адвокаттар алқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге жатады.

6. Республикалық адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Республикалық адвокаттар алқасының және оның органдарының өздерінің құзыреті шегінде қабылданған шешімдері адвокаттар алқалары үшін міндепті.

Ескерту. 3-тарау 33-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **33-3-бап. Республикалық адвокаттар алқасының жарғысы**

1. Республикалық адвокаттар алқасының жарғысында:

- 1) Респубикалық адвокаттар алқасының атауы, қызметінің нысанасы мен мақсаттары;
- 2) Респубикалық адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;
- 3) Респубикалық адвокаттар алқасының құрылымы, оның органдарының құрылу тәртібі және құзыretі;
- 4) мұлкін қалыптастыру көздері және оған иелік ету тәртібі;
- 5) адвокаттар алқалары жүзеге асыратын аударымдар мөлшері мен тәртібі;
- 6) Респубикалық адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі көзделуге тиіс.

2. Респубикалық адвокаттар алқасының жарғысы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелерді қамтуы мүмкін.

**Ескерту. 3-тaraу 33-3-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **33-4-бап. Адвокаттар алқалары делегаттарының респубикалық конференциясы**

1. Адвокаттар алқалары делегаттарының респубикалық конференциясы Респубикалық адвокаттар алқасының жоғары органы болып табылады, ол кемінде екі жылда бір рет шақырылады. Егер конференция жұмысына сайланған делегаттар санының кемінде үштен екісі қатысқан болса, ол занды деп саналады.

2. Конференция Респубикалық адвокаттар алқасының кез келген мәселелерін шешуге құқылы.

Конференцияның айрықша құзыretіне:

- 1) Респубикалық адвокаттар алқасының жарғысын қабылдау және оған езгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 2) Респубикалық адвокаттар алқасы тәралқасының орналасатын жерін айқындау;
- 3) адвокаттар алқаларынан Респубикалық конференцияға делегаттардың екілдік ету нормасын бекіту;
- 4) Адвокаттардың кәсіптік әдебі кодексін әзірлеу мен бекіту және оған езгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 5) Адвокаттардың атtestаттаудан өту тәртібі туралы ережені әзірлеу және бекіту;
- 6) Респубикалық адвокаттар алқасы тәралқасын сайлау;
- 7) Респубикалық адвокаттар алқасының тексеру комиссиясын сайлау;
- 8) адвокаттар алқалары Респубикалық адвокаттар алқасының ортақ қажеттіліктеріне жүзеге асыратын аударымдар мөлшері мен тәртібін айқындау;
- 9) Респубикалық адвокаттар алқасын ұстауға арналған шығыстар сметасын бекіту;

10) Респубикалық адвокаттар алқасы төралқасының есебін, оның ішінде Респубикалық адвокаттар алқасын ұстауға арналған шығыстар сметасының орындалуы туралы есепті бекіту;

11) тексеру комиссиясының Респубикалық адвокаттар алқасының қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебін бекіту;

12) конференция регламентін бекіту;

13) Респубикалық адвокаттар алқасының жарғысында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру жатады.

**Ескерту. 3-тaraу 33-4-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **33-5-бап. Респубикалық адвокаттар алқасының төралқасы**

1. Респубикалық адвокаттар алқасының төралқасы Респубикалық адвокаттар алқасының алқалы атқарушы органы болып табылады.

2. Төралқаны Адвокаттар алқалары делегаттарының респубикалық конференциясы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайлайды.

3. Төралқа мүшелерінің санын Адвокаттар алқалары делегаттарының респубикалық конференциясы айқындайды. Төралқаның құрамында әрбір адвокаттар алқасының өкілдігі қамтамасыз етілуге тиіс.

4. Төралқа:

1) Респубикалық адвокаттар алқасының жұмысын ұйымдастырады;

2) Адвокаттар алқалары делегаттарының респубикалық конференциясы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) өз құрамынан Респубикалық адвокаттар алқасының төрағасын жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайлайды. Бұл ретте бір адам қатарынан екі мерзімнен артық төраға лауазымында бола алмайды;

4) конференциялардың арасындағы кезеңде төралқаның және тексеру комиссиясының осы Занда көзделген негіздер бойынша адвокаттар алқасының мүшесінен шығарылған мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату туралы шешімдер қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі мемлекеттік және өзге де ұйымдарда Респубикалық адвокаттар алқасынан өкілдік етеді;

6) адвокаттар алқаларының қызметін үйлестіреді;

7) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне адвокаттар көрсеткен заң көмегі туралы статистикалық мәліметтерді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бекітетін нысан бойынша ұсынады;

8) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне Тағылымдамадан өтушілердің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережеге ұсынымдарды енгізеді;

9) адвокаттардың кәсіби деңгейін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, адвокаттарды және олардың көмекшілерін кәсіптік даярлаудың бірыңғай әдістемесін өзірлейді;

10) адвокаттардың әлеуметтік және кәсіптік құқықтарын қорғайды;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен адвокаттық қызметке жататын мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жасауға қатысады;

12) адвокаттар алқаларының қызметі туралы олардың есептерін тоқсан сайын жинақтап қорытады;

13) адвокаттар алқаларының тәртіпті практикасын жинақтап қорытады, оның нәтижелері бойынша ұсынымдар өзірлейді;

14) адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

15) адвокаттар алқаларын ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

16) кемінде екі жылда бір рет Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясын шақырады, оның күн тәртібін қалыптастырады;

17) сметага және мүліктің мақсатына сәйкес Республикалық адвокаттар алқасының мүлкіне иелік етеді;

18) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының регламентін бекітеді;

19) Республикалық адвокаттар алқасының эмблемасын бекітеді;

20) Республикалық адвокаттар алқасының жарғысында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Тексеру комиссиясының немесе адвокаттар алқалары жалпы санының кемінде үштен бірінің талап етуі бойынша Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы екі ай ішінде кезектен тыс Республикалық конференцияны шақыруға міндетті.

6. Төралқаның шешімдері оның отырысына қатысқан мүшелері жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

**Ескерту. 3-тaraу 33-5-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **33-6-бап. Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы**

Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы:

1) мемлекеттік және өзге де ұйымдарда, сондай-ақ жеке тұлғалармен қарым-қатынаста Республикалық адвокаттар алқасынан өкілдік етеді;

2) Республикалық адвокаттар алқасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) Республикалық адвокаттар алқасының атынан мәмілелер жасасады және сметага және мүліктің мақсатына сәйкес Республикалық адвокаттар алқасы

төралқасының шешімі бойынша Республикалық адвокаттар алқасының мүлкіне иелік етеді;

5) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының отырыстарын шақырады;

6) Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы шешімдерінің және Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясы шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 3-тaraу 33-6-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 523-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **33-7-бап. Республикалық адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы**

1. Тексеру комиссиясы Республикалық адвокаттар алқасының қаржы-шаруашылық қызметіне ішкі бақылау функцияларын жүзеге асыратын оның бақылаушы органы болып табылады.

2. Тексеру комиссиясын Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайлайды.

3. Тексеру комиссиясы өз құрамынан тексеру комиссиясының төрағасын сайлайды. Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының мүшесі тексеру комиссиясының мүшесі бола алмайды.

**Ескерту. 3-тaraу 33-7-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 523-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **33-8-бап. Республикалық адвокаттар алқасының мүлкі**

1. Республикалық адвокаттар алқасының мүлкі адвокаттар алқалары жүзеге асыратын аударымдар, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен занды және жеке тұлғалардан түсетін гранттар мен қайырымдылық көмек (қайырмалдықтар) есебінен құралады.

2. Республикалық адвокаттар алқасының ортақ қажеттіліктеріне арналған шығындарға оны материалдық қамтамасыз етуге, адвокаттарға сыйақы беруге арналған шығыстар және олардың Республикалық адвокаттар алқасының органдарында жұмыс істеуіне байланысты шығыстардың өтемақысы, Республикалық адвокаттар алқасы аппараты қызметкерлерінің жалақысына арналған шығыстар және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Республикалық адвокаттар алқасының сметасында көзделген өзге шығыстар жатады.

**Ескерту. 3-тaraу 33-8-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 523-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **4-тaraу. Қорытынды және өтпел ережелер**

Ескерту. 4-тaraу алынып тасталды - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **5-тaraу. Қорытынды және өтпелі ережелер**

Ескерту. Заң 5-тaraумен толықтырылды - ҚР 2009.12.11 N 230-IV(2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **35-бап. Адвокаттар алқалары мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналыстарын (конференцияларын) өткізу**

1. Адвокаттар алқалары делегаттарының бірінші Республикалық конференциясының делегаттарын сайлау үшін адвокаттар алқалары осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап үш ай ішінде адвокаттар алқалары мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналыстарын (конференцияларын) өткізууді ұйымдастырады.

2. Бірінші Республикалық конференция делегаттарының өкілдік ету нормасы елу адвокаттан біреуді құрайды, бірақ адвокаттар алқасынан үш адвокаттан кем болмайды.

3. Адвокаттар алқалары Қазақстан адвокаттар одағымен бірлесіп, осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде бірінші Республикалық конференцияны өткізууді ұйымдастырады.

4. Бірінші Республикалық конференция, егер оның жұмысына адвокаттар алқалары сайлаған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады.

5. Отырысты жүргізу үшін конференция делегаттары төралқа сайлайды.

6. Адвокаттар алқасы делегаттарының бірінші Республикалық конференциясының шешімдері конференцияға қатысқан делегаттардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

7. Республикалық адвокаттар алқасы органдарының құрамына бірінші Республикалық конференцияның делегаттары болмаған адвокаттар сайланада.

Қазақстан  
Президенті

Республикасының